

- 1. Қазақстандағы кәсіпкерліктің түрлері
- 2. Кәсіпкерліктің ұйымдастыру – құқықтық формалары



1. Қаржылық кәсіпкерлік қызмет. Бұл жағдайдағы сауда объектісі - ақша, валюта, бағалы қағаздар болып табылады. Қызметтің бұл түрін қор және валюталық биржалар, инвестициялық банктер атқарады.

Қаржылық кәсіпкерліктің келесі формалары бар:

- бағалы қағазға айналу үшін өндіру (эмиссия);

- акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу.

2. Өндірістік кәсіпкерлік қызмет. Кәсіпкер тауарларды, өнімдерді өндіреді, қызметтерді, ақпараттарды тұтынады, ішкі құндылықтарды қалыптастырады, сосын оларды тұтынушыға өткізеді. Өндірістің түрлері өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық (фермерлік), құрылыс және т.б. болуы мүмкін.

3. Коммерциялық кәсіпкерлік қызмет. Бұл қызметтің мәні сауда-айырбас және тауар-ақшалай операциялармен, тауарлар мен қызметтерді сатып алу-сатумен, байланысты.

1. Инновациялық кәсіпкерлік қызмет. Бұл техника-экономикалық сипаттағы жаңалықтарды ойлап шығару және коммерциялық пайдалану. Бұл ғылыми зерттеулерді, инновацияны және жаңалықтарды, экспериментті өндірісті қаржыландыратын венчурлы (тәуекелді) кәсіпкерлік.

Инновацияның үш түрін атап өтуге болады:

1. өнім инновациясы, яғни фирманың қалыптасу механизмін жаңарту (мүмкіндіктердің, пайданың өсуі);
2. технология инновациясы немесе шикізат және ақша қорларының шығындарын төмендететін, аз уақыт және күш жұмсай отырып өнім өндірісін жоғарлататын өндірістің жаңа әдістерін енгізу;
3. әлеуметтік инновация, кәсіпорын қызметкерлерін мотивация беру.

Инновациялық кәсіпкерліктің процесін жүргізу стадиялары:

1. инновациялық идеяларды іздеу және оның потенциалды табыстылығын бағалау;
2. бизнес-жоспарды құру;
3. алғашқы капитал беретін инвесторларды тарту;
4. компанияны сауатты басқару.

2. Фермерлік қызмет. Фермерлік (шаруа қожалығы) – қазіргі уақытта Қазақстанда кеңінен тараған шағын бизнестің формасы.

Фермерлік шаруашылық (шаруа қожалығы) – деп өзінің ауыл шаруашылық жерлерін өз қызметіне пайдаланатын және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін, сонымен қатар оны өңдеп, өткізетін отбасылық -еңбектік бірлестік.

Шаруа қожалығының (фермерлік) формалары:

- жалпы бірлескен меншік негізінде құрылған отбасылық кәсіпкерлік;
- жеке кәсіпкерлік формасында құрылған шаруа қожалығы;
- бірлесіп қызмет атқару туралы құрылған келісім шарттың жалпы меншік үлесінің негізіндегі шаруа қожалығы.

Сұрақ 2. Кәсіпкерлікті дамыту барысында оның белгілі бір түрлері мен ұйымдастыру – құқықтық формалары.
Қазіргі таңда оларды сипаттау үш негіз бойынша жүргізілуде.

1. кәсіпкерліктің ауқымы бойынша;
2. кәсіпкерлік қызметтің сипаты бойынша;
3. даму дәрежесі бойынша.

Ауқымы бойынша кәсіпкерліктің келесі түрлері ажыратылады:

- Жеке дара кәсіпкерлік.
- Өртүрлі серіктестіктер түріндегі кәсіпкерлік.
- Жауапкершілігі шектелген серіктестіктер.
- Жауапкершілігі шектелмеген серіктестіктер.
- Аралас серіктестіктер.
- Кооператив түріндегі серіктестіктер.

